

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМЫНЫҢ ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ

2021-2022 оқу жылында 27 педагог жұмыс атқарған, оның ішінде 19 - педагог жоғары білімді, 12 - педагог арнаулы орта білімді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мамандығы бойынша жоғары білімді - 9 педагог, арнаулы орта білімді педагогтар - 11 бар. Олардың ішінде 18 - педагог санатты, санаты жоқ 10 педагог.

Балабақша педагогтары 2021-2022 оқыту мен тәрбиелеу процесін жаңартылған білім мазмұнын бағдарламаның негізгі идеялары балалардың бойында ерте жастан дамыту қажет негізгі дағдылармен тығыз байланыстыруда: 4К моделі: сыни ойлау, креативтілік, коммуникативтілік, командада жұмыс істеу. Тұтас бала бейнесін қалыптастыруда бала үнін тыңдау, баланың қажеттіліктерін ескеру. Ойын арқылы оқыту - педагог жетекшілігімен ойын, құрылымдалған ойын, еркін ойын басшылыққа алып жұмыс жүргізуде. Циклограммаларында 4К моделінің 3 ойын, бала үні, бақылау, кері байланыс сияқты түйінді идеяларын басымды түрде іс-тәжірибеге енгізіп, 2021-2022 оқу жылында перспективалық жоспарды Смарт мақсат (қолжетімді) яғни, балаға бағытталған мақсатпен жұмыс жасауда.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының мектеппен сабақтастық кестесі құрылып, балабақша меңгерушісі мен мектеп директорының қолы қойылып, мөрленген. Балабақша педагогтары жоспарға сай мектеп кітапханасына, спорт залына, жалпы мектеппен танысуға тәрбиеленушілерді саяхатқа апару, сонымен қатар бастауыш буын педагогтарымен түрлі кездесу семинарларын өткізіп, үнемі тығыз байланыста болады. Сонымен қатар, балабақша педагогтары семинар практикумдар өткізіп, іс-тәжірибелерімен бөлісу жақсы жолға қойылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттері орындауды талап етеді. Үлгілік бағдарлама Стандарт талаптарына сәйкес: «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша, жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікке тәрбиелеу мақсатында жүргізілген іс-шаралар жүйесі бар. Балабақшада ата-аналармен қарым-қатынас жақсы қалыптасқан. Балабақша жас натуралистер станциясымен, Ө.Молдағұлова мұражайымен, мектептермен тығыз байланыста жұмыс істейді. Барлық кездесулер қызықты саяхаттар, квест-ойындар түрінде өтеді, бұл балалардың мектепке психологиялық дайындығының қажетті деңгейін қалыптастырады. Топтарда бұрыштар сюжеттік рөлдік ойындардың құрал жабдықтары, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр түрлі құрастырмалы ойыншықтар, театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған.